



QAZAQ UNIVERSITETI



Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№14 (1927) 15 СӘУІР 2024 ЖЫЛ

Заманауи обсерватория ашылды



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ғылым қызметкерлері күні мен Халықаралық ғарышкерлер күні қарсаңында «Фараби» заманауи обсерваториясы ашылды.

Еліміздің жоғары оқу орындары арасында тұңғыш рет іске қосылып жатқан бұл орталық соңғы үлгідегі телескоптар арқылы таңғажайып аспан әлемімен танысып, зерттеу жұмыстарын жүргізуге мол мүмкіндік береді.

Салтанатты шарада Жансейіт Түймебаев әмбебап нысан ғалымдар

мен студенттердің ғылыми жаңалықтарын және ғарыш әлеміндегі беймәлім құпиялардың сырын ашатын ғылыми орталық болатынын атап өтті.

«Фараби» обсерваториясы студенттерге тәжірибелік сабақтар өткізуге, жас ғалымдардың ғылыми зерттеулермен айналысуына арналған.

Жаңа нысанда білім алушылар аспан денелерін бақылай алады. Бұл бастама ғарышты зерттей отырып, адамдардың ой-өрісін дамытуға ықпал етеді. Деректерді өңдеу, жинау және тарату, қашықтан басқару, фотометрлерді қолдану тәжірибесі жастардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін жоғарылатып, алдағы уақытта ірі телескоптармен жұмыс істеулеріне жол ашады», – деді ректор.

Жалғасы 2-бетте

Жалғасы 2-бетте

Фараби форумы өз мәресіне жетті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде III халықаралық Фараби форумы қорытындыланды.

Іс-шараға ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті Бақытжан Жұмағұлов, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің төрағасы Ғалымжан Жанқуатов, Әл-Фараби атындағы

ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Алматы қаласы креативті индустрия басқармасының басшысы Қайсар Сарыбаев, отандық және шетелдік ғалымдар, оқу ордасының оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

Фараби форумының жабылуында ҚазҰУ ректоры Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, университеттің оқытушы-профессорлық құ-

рамын, ізденушілерді Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.

«Дәстүрлі халықаралық Фараби форумы дүниежүзіндегі фарабитанушы ғалымдарды біріктірген беделді платформаға айналып, жас ғалымдар мен студенттердің терең зерттеулерге деген қадамдарын нығайтуға ықпал етуде.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті «Таза Қазақстан» республикалық акциясына белсенді қатысты. Аталған акция Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен еліміздің барлық өңірінде жүріп жатыр.



факультеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттер қатысты.

10 мыңға жуық адам оқу ғимараттары мен жатақханалардың айналасын ретке келтіріп,

көгалдарды қоқыстардан, жапырақтардан және сынған бұтақтардан тазартты. ҚазҰУ қалашығындағы ағаш түптері өктеліп, сырланды.

Білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев қалашықта өткен сенбілікке арнайы келіп, атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйін пысықтады. Ректор акцияға қатысушы жастармен пікірлесіп, қоршаған ортаға қамқорлық танытуға шақырды.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



3-бет

Сәтбаев салған сара жол



4-бет

Биологияны дамытудың жаңа бағыттары



5-бет

Сақ дәуірінің сырына үңілген тарихшы



Фараби форумы өз мәресіне жетті



Соңы. Басы 1-бетте

Биыл форум аясында төрт халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, екі дөңгелек үстел, студенттер мен жас ғалымдардың «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясы және «ҚазҰУ-дың үздік жас ғалымы» дәстүрлі байқауы, инновациялық жобалар және студенттік бизнес-инку-

баторлар байқауы өткізілді. Форум жұмысына Индонезия, Корея, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б. елдерден келген сарапшы-ғалымдар қатысты. Тағылымды шараға белсенді қатысқандарыңыз үшін және ұйымдастыруға қолдау көрсеткендеріңіз үшін шын жүректен алғысымды білдіремін», – деді ректор.

Іс-шара барысында Ғы-

лым қызметкерлері күніне орай, ЖОО бір топ ғалымы төсбелгілермен және алғыс хаттармен марапатталды. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева және шығыстану факультетінің қауымдастырылған профессоры Алтыншаш Құрманәлі Чакыроғлу марапатталды.

ҒЖБМ Құрмет грамотасы Жылуфизикасы және техникалық физика кафедрасы профессорының м.а. Абдурахман Алдиярұға, профессор, физика-математика ғылымының докторы Балтабек Қанғожинге, Археология және антропология ғылыми-зерттеу институтының директоры Ғани Омаровқа, химия ғылымының докторы, Физикалық химия, катализ және мұнай-химия кафедрасының профессоры Әлия Оспановаға, Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің директоры Анар Данияроваға берілді.

Сонымен қатар үздік студенттік инновациялық жоба авторлары және «Фараби әлемі» халықаралық ғылыми конференциясының жеңімпаздары марапатталып, ақшалай сыйлықтар табыс етілді.

Света ӨМІРҒАЛИЕВА



Заманауи обсерватория ашылды

Соңы. Басы 1-бетте

Аталмыш нысан оптикасының диагоналы 12 дюйм және фокус-тық ұзындығы 3048 мм болатын «Meade LX90-ACF оқу» телескопымен жабдықталған. Сонымен қатар мұнда қолданбалы телескоптың үш түрі қойылған. Телескоптар Сатурн,

Марс, Юпитер ғаламшарын және олардың серіктерін, жұлдыздарды, Айды, Күн жүйесіндегі өзге планеталарды, жақын ғарыштық денелерді бақылауға мүмкіндік береді.

Алдағы уақытта обсерваторияда студенттер үшін тәжірибелік сабақтардың бір бөлігін өткізу жоспарланып отыр. Бұл тәсіл білім алушыларға дәліл білімді жағдайда білімдерін шыңдауға және еркін форматта сабақ оқулары үшін тиімді болмақ.

Дизайны күмбезді шатыр ретінде жасалған «Фараби» обсерваториясы ҚазҰУ қалашығындағы Әл-Фараби кітапханасының алдындағы ашық алаңға орналастырылған.

Света
ӘБІЛҒАЗЫҚЫЗЫ



Шетелдік сарапшылармен пікір алмасты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев оқу ордасына жұмыс сапарымен Армения және Қырғызстаннан келген сарапшы-ғалымдармен кездесті.

Атап айтқанда, Жансейіт Түймебаев Ереван мемлекеттік университетінің Халықаралық қатынастар және дипломатия кафедрасының меңгерушісі Жак Манукянмен, Орталық Азиядағы Америка университетінің қауымдастырылған профессоры Жылдыз Нишариповамен, Реасе Nexus директоры, Ор-

талық Азия бойынша аймақтық менеджері Чинара Эсенгулмен әңгімелесу барысында академиялық және ғылыми ынтымақтастықтың бірқатар мәселелерін талқылады.

Ректор ҚазҰУ-дың Бішкек қаласындағы филиалы шетелдік жоғары оқу орындарымен әріптестікті кеңейту, Қазақстан мен Қырғызстан сарапшыларының ғылыми ын-

тымақтастығын нығайту қажет екенін жеткізді. Жүздесу барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Ереван мемлекеттік университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Кездесу соңында Жансейіт Түймебаев ЖОО-лар арасындағы академиялық ұтқырлық бағдарламасын жүзеге асыру мүмкіндіктеріне ерекше назар аударып, ЕАЭО шеңберінде интеграцияны дамыту мәселелері бойынша бірлескен ғылыми жобаларды іске асыру керек екенін айтты.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ



Жаңа зертхана жұмысымен танысты

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде өткен III халықаралық Фараби форумына қатысушылар білім ордасында жаңадан ашылған «Қашықтан зондтау технологиясы және қолдану» қазақ-қытай бірлескен зертханасының жұмысымен танысты.

ТАНЫСТЫ



Орталық ағымдағы жылдың 27 наурыз күні ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы ҚКП партия комитеті хатшысының орынбасары, ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы Еркін Тунияздың қатысуымен ашылған болатын.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қазақ-қытай бірлескен зертханасы экологиядағы өзекті мәселелерді шешуге сеп болатынын айтты.

Ғылыми зертхана Орталық Азия өңіріндегі климаттың өзгеруі салдарынан орын алған су тапшылығы,

құрғақшылық, жердің құнарсыздануы сияқты экологиялық мәселелерге мониторинг жүргізеді. Қашықтан бақылау арқылы аймақтағы табиғи қауіп-қатерді алдын ала ескертіп, экологиялық қауіпсіздік пен тұрақты дамуды қамтамасыз етеді. Бұл өз кезегінде Қазақстан, Қытай және Орталық Азия үшін жоғары деңгейдегі халықаралық ресурстық және экологиялық платформа құруға мүмкіндік береді.

Құрметті қонақтарға география және табиғатты пайдалану факультетінің деканы Әлия Ақтымбаева орталық туралы ақпарат беріп, зертханадағы құрылғылармен таныстырды.

Орталық жұмысымен танысқан ҚР Ұлттық инженерлік академиясының президенті Бақытжан Жұмағұлов ғалымдардың жұмысына табыс тіледі.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Сәтбаев салған сара жол

ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында сөйлеген сөзінде Ғылым қызметкерлері күнімен құттықтап, отандық білім-ғылым саласының даму жайына тоқталды. «Біз ұлы Абайды қазақ руханиятының темірқазығы, Ахмет Байтұрсынұлын ұлт ұстазы дейміз. Ал Қаныш Сәтбаевты қазіргі қазақ ғылымының атасы деуге болады. Өздеріңіз білесіздер, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – халқымыздың біртуар перзенті. Еліміз өлі күнге дейін оның ғылыми жаңалықтарының игілігін көріп отыр. Әйгілі ғалымның мерейтойын жоғары деңгейде атап өту маңызды» деген ойын жеткізді. Президенттің ұлттық кеңес отырысында сөйлеген сөзіне Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушы-профессорлары да өз пікірін білдірді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында отандық ғылымды дамытудың өзекті бағыттарына назар аударды: ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін пайдалану; экономиканың қарқынды дамуына септігін тигізу, жасанды интеллектті жедел дамыту, университет ғылымын және инфрақұрылымын дамыту, ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту. Мемлекетіміз дамудың жаңа кезеңін бастан кешуде. Ғылымды дамыту – еліміз үшін стратегиялық маңызы бар басымдық.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Эконо-



мика және бизнес жоғары мектебінің құрылғанына 75 жылдығы кезеңінде «Менеджмент» және «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарының білім алушылары бәсекеге қабілетті және сұранысқа

ие болуда. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатысып, зерттеу нәтижелерін коммерцияландыру бағытында қарқынды және нақты жұмыстарды жүзеге асыруда.

Менеджмент кафедрасының профессор-оқытушы ғалымдары ел Президентінің ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңестің отырысында айқындаған ғылымның дамуының басты бағыттарын қолдай отырып, оның табысты жүзеге асуына өз үлесімізді қосамыз.

Оқалбек АБРАЛИЕВ,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ Менеджмент
кафедрасының профессоры,
экономика ғылымының
докторы



**ЖАС
ТАЛАНТЫ
ҒАЛЫМДАРДЫ
ҚОЛДАУ
ҚАЖЕТ**

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау мен климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдаланудың маңызын айтты. Осы бағыттағы жұмыс сапасының төмендігі мамандар мен ғалымдардың тапшылығымен байланысты екенін атап өтті. Осы сала бойынша Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да «Табиғи-техногендік қауіп-қатерлер», «Гидрология», «Экология», «Метеорология» мамандықтары болашақ мамандар мен ғылыми қызметкерлер дайындап келеді.

Басқосуда ғылымды дамытуға бөлінетін грант мәселесі де назардан тыс қалмады. Ғалымдардың гранттық негізде шетелдік тағылымдамадан өтуіне, білім алуына барынша жағдай жасалуы қажет. Осымен байланысты «Жас ғалым» бағдарламасы да сөз болды.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев магистратура мен докторантура бағдарламасы бойынша грантты арттыру, өндірістік компаниялармен бірлесе отырып «индустриалды PhD» даярлау мен қолдануға енгізу, еліміздің жетекші оқу орындары мен шетелдік университеттердің филиалдарын экономикамыздың басым салалары үшін ғалымдар мен мамандар даярлау ісіне жедел жұмылдыру қажеттігін атап өтті, әсіресе инженерлік-техникалық кадрларды даярлаудың ұлттық моделін әзірлеу, әр өңірдің белгілі бір салаға мамандануын көрсететін Өңірлік экономика атласын дайындау жөнінде тапсырма берді. Бұл айтылғандарды іске асыру арқылы зор ілгерілеуге қол жеткізуге болады.

Құралай МҰХАМАДИ,
А.Байтұрсынұлы
атындағы Қазақ
тіл білімі
кафедрасының
қауымдастырылған
профессоры,
филология ғылымының
кандидаты

ҒЫЛЫМИ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУҒА МӘН БЕРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде ғылым саласында жасалған жұмыстарға тоқтала келіп, ғылыми әлеуетімізді нығайту бойынша бес тапсырма берді. Соның ішінде университет ғылымын және ғылыми инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне баса назар аудару қажет дей келе, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Л.Гумилев атындағы ЕҰУ үшін кампустар салынатынын, ЖОО-лардың материалдық-техникалық базасы жаңғыртылатынын айтып, университеттердің және зерттеу орталықтарының ескірген зертханаларын біртіндеп қалыпқа келтіру қажеттігіне мән берді.

Сонымен қатар ғылыми атағы бар мамандардың үлесін арттыру, ЖОО ғалымдарының еңбектеріне сілтеме жасау көрсеткішін ұлғайту, бюджет кодексіндегі «грант» ұғымының аясын кеңейту қажеттігіне назар аударды.

Ал ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту мәселесінің өзектілігіне назар аударып, жас ғалымдарды жан-жақты қолдау, ірі өндірістік компа-



ниялармен бірге «индустриалды PhD» даярлау механизмін әзірлеуге тапсырма беріп, шетелдік ғылыми орталықтарда жұмыс істеп жүрген ғалымдарымызды өз зерттеулерін Қазақстанда жалғастыруға шақырды.

Парламентте талқыланып жатқан «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң жобасында ғылымды дамытудың озық механизмдері көрініс табады деп сенеміз.

Мира БАЛТЫМОВА,
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ доценті

ҒЫЛЫМ ДАМУЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Қазіргі уақыттағы әлемде табиғи апаттардың орын алуы, жаһандық климаттың өзгеру жағдайлары, жер сілкінісі, су тасқыны еліміз үшін үлкен зардаптар мен шығындарға әкелді. Президентіміздің тікелей тапсырмасымен мемлекеттік деңгейде билік құрылымдарымен қажетті қалыпқа келтіру іс-шаралары жүзеге асып жатыр.

Табиғатта орын алатын осындай төтенше жағдайларда апаттың алдын алу, себеп-салдарын айқындау, болжау, тиімді іс-шараларды ұйымдастыруда ғылыми зерттеу орындарының, тәжірибелі ғалымдардың рөлі өте маңызды. Президентіміздің: «Қазір ғылымға арқа сүйеген мемлекеттер әлемнің даму көшін бастап тұр. Біз сол елдердің қатарына қосылу үшін ғылымға айрықша мән беруіміз керек, яғни ғылымды қарқынды дамытудың төте жолы ретінде қарастыруымыз керек», – деген пікірімен толық келісемін.

Ғылым саласын дамыту – ғалымдардың жалақысын жеткілікті деңгейде көтеру, ғылыми зерттеу орталықтарының жұмыстарын қаржыландыру, ғылымға жастардың қызығушылығы мен ынтасының артуын



мемлекеттік қолдаумен және жастардың білім деңгейінің бәсекеге қабілетті болу әлеуетімен тікелей байланысты болады.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы еліміздің өркендеуіне дамуында ғылымның ел игілігі үшін қызмет етуіне басты назар аудара отырып, ғалымдарға, сарапшыларға, ел экономикасына жаңашылдық әкелетін мамандарға зор үміт артатындығын атап өтті.

Дархан МАМЫТҚАНОВ,
философия және саясаттану
факультеті Әлеуметтану
және әлеуметтік жұмыс
кафедрасының
аға оқытушысы, с.ғ.к.

ҒЫЛЫМНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІН АЙҚЫН КӨРСЕТТІ

нақты айқындап атап көрсетті: 1) ғылымның әлеуетін техногендік және табиғи апаттарды болжау, климаттың өзгеруіне қарсы күресу үшін барынша пайдалану маңызды; 2) ғылым экономиканың қарқынды дамуына септігін тигізуге тиіс; 3) жасанды интеллектті жедел дамыту қажет; 4) университет ғылымын және ғылыми инфрақұрылымды дамыту мәселелеріне баса назар аудару қажет; 5) ғылымның кадрлық әлеуетін нығайту мәселесі өте өзекті.

География және табиғатты пайдалану факультеті ұжымы-

ның профессор-оқытушылары және факультет түлектерінің негізгі жұмыспен қамтамасыз ететін География және су қауіпсіздігі институты ғалымдарының Мемлекет басшысы айқындаған өзекті мәселелерді жүзеге асыруға мол мүмкіндігі бар. Себебі гидрология, климатология, география, гляциология т.б. салаларының кәсіби ғалым-мамандары шоғырланып, аталған институт пен факультеттің ғылыми зертханалары озық заманауи құралдармен жабдықталған.

Сонымен қатар факультет

ұсынған бакалавриат, магистратура, докторантура деңгейлеріндегі оқу бағдарламалары қажетті кәсіби біліктілігі жоғары гидролог, климатолог, географ мамандарды даярлауға бағытталып, Қазақстан Республикасының тұрақты дамуының ғылыми және қолданбалы дамуын айқындайды.

Өкөтай САҒЫМБАЙ,
География, жерге
орналастыру
және кадастр
кафедрасының аға
оқытушысы



Ғылым және технологиялар жөніндегі ұлттық кеңесте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ең өзекті мәселелерді

Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына арналған, Scopus библиографиялық деректер базасында индекстелетін, «Биология ғылымдарының тұрақты дамуындағы заманауи тенденциялары» атты халықаралық ғылыми форумы Әл-Фараби атындағы ғылыми кітапхана ғимаратында онлайн және офлайн форматта өтті. Бірінші рет 15 елден 28 ғалым келіп, жалпы, онлайнмен қосқанда, 104 мекемеден 200-дей ғалым қатысты.

Л.Гумилев атындағы Еуразия университетінің профессоры Рахметқажы Берсімбаи, Жапонияның Ұлттық генетика институтының профессоры Сайтоу Наруя, ҚР Өсімдіктер биологиясы және биотехнология институтының Молекулалық ге-

Су ресурстарын тиімді пайдалану маңызды

Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасы «Фараби өлемі» конференциясы аясында, Тұрақты дамудың алтыншы мақсаты – таза су және санитария, яғни барлық адамдар үшін су ресурстары мен санитарияның болуын және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету шеңберінде «Су ресурстарын қорғау» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді. Бұл іс-шараның негізгі мақсаты – тұрақты даму мақсаттарының жүзеге асуына аз да болса үлес қосу.



Тұрақты дамудың алтыншы мақсаты барлығына қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылған ауызсумен жабдықтауды және санитарлық қызметтерді қамтамасыз етуге бағытталған және қолайлы ортаның маңыздылығын айқындай отырып, су ресурстарын, ағынды суларды және экожүйелерді тұрақты басқаруға ерекше назар аударады.

Жалпы алғанда, тұрақты дамудың алтыншы мақсаты бірнеше тапсырма мен көрсеткіштерден тұрады, атап айтқанда: 2030 жылға қарай барлығына қауіпсіз және арзан ауызсуға жалпыға бірдей және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; 2030 жылға қарай тиісті санитарлық-гигиеналық құралдарға жалпыға бірдей және тең қолжетімділікті қамтамасыз ету; 2030 жылға қарай ластануды азайту, қалдықтарды төгуді жою және қауіпті химиялық заттар мен материалдардың шығарындыларын азайту, тазартылмаған ағынды сулардың үлесін екі есеге азайту және бүкіл өлемде ағынды суларды қайта өңдеу мен қауіпсіз қайта пайдалану көлемін едәуір арттыру арқылы судың сапасын жақсарту; суды пайдалану тиімділігін едәуір арттыру және су тапшылығы мәселесін шешу, су тапшылығынан зардап шегетін адамдар санын айтарлықтай азайту үшін тұрақты тұрғын су алу мен жеткізуді қамтамасыз ету; трансшекаралық ынтымақтастық негізінде су ресурстарын кешенді басқаруды қамтамасыз ету; сумен байланысты экожүйелерді қорғауды және қалпына келтіруді қамтамасыз ету; 2030 жылға қарай дамушы елдердің жерүсті ағындарын жинауды, суды тұщыландыруды, суды пайдалану тиімділігін арттыруды, ағынды суларды тазартуды және қайта өңдеу және қайта пайдалану технологияларын қолдануды қоса алғанда, сумен жабдықтау және санитария саласындағы қызмет пен бағдарламаларды жүзеге асырудағы әлеуетін нығайту ісінде халықаралық ынтымақтастық пен қолдауды кеңейту; су шаруашылығы мен санитарияны жақсартуға жергілікті қауымдастықтардың қатысуын қолдау және нығайту.

Осы тапсырмалардың негізгі көрсеткіштері: ауызсудың қауіпсіз көздеріне және қауіпсіз санитарлық жағдайларға қол жеткізе алатын халықтың үлесі; тиісті түрде тазартылатын сарқынды сулардың үлесі; орташа көрсеткіштер бойынша қанағаттанарлық сапалы су айдындары; суды пайдалану тиімділігін арттыру; су ресурстарын басқару тетіктерін енгізу дәрежесі; аумағында су ресурстарын басқару саласындағы ынтымақтастық бағдарламалары жұмыс істейтін трансшекаралық су бассейндерінің үлесі, уақыт өте келе су экожүйелері таралуының өзгеруі; су пайдалану мен санитарияны дамытуда мемлекеттік қолдаудың ауқымы; су ресурстары мен санитарлық жағдайларды басқаруға жергілікті қоғамдастықтардың қатысуы үшін ұйымдастырылған және енгізілген іс-шараларда жергілікті өкімшілік ресурстардың үлесі.

Іс-шара барысында су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Балқаш-Алакөл бассейндік инспекция маманы Мұхаммедүәли Мамықбаев су шаруашылығын ұтымды пайдалануды бақылау қызметінің қазіргі мәселелері мен міндеттерін баяндады. Іс-шара өте тартымды өтті. Білім алушылар көптеген ақпараттарға қанық болып, өз қызығушылықтарын танытып, белсене қатысып отырды. Жастар тұрақты дамудың мақсаттарына жету үшін ерен еңбектің қажеттілігін және су ресурстарын қорғаудың маңыздылығын ұғынды.

Іс-шара соңында кафедра студенттеріне арналған сергіту сұрақ-жауап ойыны өткізілді. Белсене қатысып, сұрақтарға жауап беру арқылы жоғары балл жинаған студенттерге сыйлықтар берілді. Дөңгелек үстелге қатысушылар жалпы қорытынды жасап, өз қызметімен және су мәселелерімен бөліскен қонақ-қа алғыстарын білдірді.

**Лаура ҚҰРБАНОВА,
Баян ТҮСІПОВА,**
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының оқытушылары

Биологияны дамытудың жаңа бағыттары



Форумның мақсаты – биология ғылымындағы тұрақты дамуға қол жеткізуге бағытталған жаңа тәсілдер, технологиялар мен стратегияларды талқылау және шетелдік ғалымдармен бірлесіп шешімдер әзірлеу.

Форум жұмысын ҚазҰУ-дың Басқарма мүшесі – ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Жәмила Айтжанова ашты. «Тұрақты даму мақсаттарының негізгі бағыттарын жүзеге асыруда университет елеулі жұмыстар атқарып отыр. Ғылыми жаңалықтар мен технологиялық прогресс біздің өмір сүру ортамызды қалыптастыруды жалғастырып жатқан қазіргі заманда биология ғылымындағы тұрақты даму мәселелері барған сайын өзекті болуда және адамзаттың әл-ауқатын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады», – деді.

Халықаралық форумды өткізуге атсалысқан COM-STECH бас координаторы, профессор Мұхаммед Икбал баяндамасында: «Бүгінгі ҚазҰУ базасында өтіп жатқан халықаралық шарада биология саласында, жалпы алғанда, қоршаған ортаға кері әсерін тигізетін түйткілді мәселелер талқыланды. Бұл қазіргі таңда әр елдің ғалымдары мен сарапшылары атсалысып, саясаткерлер күн тәртібіне енгізіп, бизнес өкілдері де, қарапайым халық та талқылайтын мәселе және ол оң шешімін табуы қажет деп санаймын», – деді. Сонымен қатар форум аясында COM-STECH атқарушы директоры Нафес Мұхаммед, БҰҰ Жандық коммуникациялар департаментінің Қазақстандағы өкілі Властимил Самек, Әзірбайжан Республикасы Дендрология институты бас директорының міндетін атқарушы

Минара Хасанова, ҚР Ұлттық ғылым академиясының вице-президенті Дос Сарбасов, Қытай ғылым академиясының Тяньцзин өнеркәсіптік биотехнология институтының профессоры Хуанг Джионг сөз сөйлеп, әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелерге тоқталды.

Форум ресми ашылғаннан кейін Қазақ ұлттық университеті мен Әзірбайжан Республикасы Ғылым және білім министрлігінің Дендрология институты арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

Өз кезегінде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің биология және биотехнология факультетінің деканы, конференцияның модераторы, профессор Меруерт Құрманбаева 90 жылдық тарихы бар биология факультетінің тарихына тоқталып, баяндама жасады. Биология және биотехнология факультеті 1934 жылы ҚазҰУ құрылғаннан бергі ең көне факультет екенін және қазіргі уақытта жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулер, мамандарды даярлаудың заманауи білім беру бағдарламаларын, факультет құрылғалы 14 мыңға жуық маман даярланғанын және олардың әлемдік масштабтағы жетістіктерін атап көрсетті.

Жалпы, форумның екінші бөлігінде Микробиология және вирусология ғылымының орталығының бас директоры, профессор А.Саданов, Ботаника және фитоинтродукция институтының бас директоры, ҚР Ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі Г.Ситпаева сынды ғалымдар құттықтап, факультетке арнайы сыйлықтарын тапсырды. ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі,

нетика зертханасының меңгерушісі, профессор Е.Тұрыспеков, Венгрияның Дебрецен университеті Биология институтының жетекшісі, профессор Золтан Барта, Нигде Омер Халидемир университетінің профессоры Седат Серче, ҚазҰУ-дың Ми институтының директоры, Биопизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының меңгерушісі А.Құстыбаева ғылыми баяндама жасады. Бұл форум қазіргі кезеңде биологияны дамытудың жаңа бағыттары бойынша отандық және шетелдік ғалымдар мен тәжірибешілер арасында заманауи білім мен тәжірибе алмасуға арналған алаң болды.

Форум жұмысы ғылым мен техника саласындағы заманауи үрдістер мен мүдделерді көрсететін мәселелердің кең ауқымы төрт секция шеңберінде біріктірілді. Онда климаттың өзгеруі мен жаһандық алдын алу мәселесі, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық жүйелері, жасыл және жаңартылатын энергетика, жасыл экономикаға байланысты мәселелер талқыланды. Сондай-ақ планетаның биологиялық әртүрлілігін сақтау және пайдалану, нейроғылым мен биомедицинаның жетістіктері мен перспективалары, биологиялық ғылымдарда жасанды интеллектті қолдану мәселелерін зерттеуде ғылыми байланыстарды дамыту мән-жайы айтылды. Ғылыми ортаны қалыптастыру және отандық ғылымның одан әрі дамуын қолдау жағдайы ортаға салынды.

Халықаралық форумның ұйымдастыру комитетіне келіп түскен барлық материалдар плагиат үшін міндетті тексеруден өтті және бағалау нәтижелері бойынша халықаралық дерекқорларда индекстелген Bio Web of Conferences (Proceedings) еңбектер жинағында жариялауға 130-дан астам мақала ұсынылды.

Дамира ЮСАЕВА,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к.

Әділ ҚҰСМАНҒАЗИНОВ,
Биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының аға оқытушысы, PhD

Белгілі тарихшы, тарих ғылымының кандидаты Еділ Ноянұлы 40 жылға жуық уақытын қара шаңырақ университеттің тарих факультетіне арнап келеді. Ол 1964 жылы 16 сәуірде Жамбыл облысының Мойынқұм ауданы Кіші Қамқалы ауылында қарапайым мал дәрігерінің отбасында жеті баланың ортаншысы болып дүниеге келеді. Әкесі Ноян 36 жасында «халық жауы» атанып атылып кеткен, Ресей Федерациясы Орынбор облысының Ақбұлақ аудандық партия комитетінің хатшысы Шыңғали Жанғұтдиновтың жалғыз ұлы екен.



Сақ дәуірінің

сырына үңілген тарихшы

Кеңес дәуірінің сталиндік кезеңіндегі бар ауыртпалықты басынан өткерген Ноян әкей мектеп бітіріп, әскерге барып келіп, мал дәрігері мамандығын алып, отбасын құрып, «жылымық» жылдары жаңадан құрылған Мойынқұм ауданының Кіші Қамқалы ауылында тұрақтайды. Еділ Ноянұлы осы ауылда туып өсіп, әскери борышын өтеп, 1985 жылы сол кездегі С.Киров атындағы ҚазМУ-дың тарих факультетіне түседі. Елімізге танымал ғалым-профессорлар У.Шалекенов, Д.Дулатова, Ә.Тәкенов, С.Жақыпбеков, Ж.Ибрашевтардың дәрісін тыңдап, тәрбиесін көреді.

Еділ Ноянұлының бүгінге дейін ғылыми-педагогикалық ұжымда үзбей және үздіксіз жемісті еңбек етуі, ең алдымен, ата-баба жолын жалғастыруынан деп білеміз. «Халық жауы» болып, сталиндік кезеңнің құғын-сүргінінің құрбаны болған атасы ел мүддесін жоғары қойса, Еділ де солай – университетке таңертең алғашқылардың бірі болып келеді де, соңғылардың бірі болып жұмыстан қайтады. Үнемі осылай. Екіншіден, университеттегі ұстаздарының берген тәрбиесі деп білеміз. Үшіншіден, өзінің жеке басындағы адалдық пен әділдік, жауапкершілік пен еңбек-қорлық қасиеттердің көрінісі болса керек.

Еділ Ноянұлы өз оқу тобында үзбей бес жыл бойы староста міндетін атқарды. Бүгінге дейін сол топтың студенттері, тіпті кейбіреулері еңбек демалысына шығып кетсе де, Еділді «біздің староста» деп атайды. Осы жолдардың авторы, сондай-ақ университет оқытушы-профессорларының «Парасат» кө-

сіподағының төрағасы, тарих ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Талғат Мекебаев Еділмен ҚазМУ қалашығының №6 студенттер жатақханасында бес жыл бойы бір бөлмеде тұрғанымызды мақтан етеміз және кездескен сайын басымыздан өткерген небір қызықты күндерімізді сағынышпен еске алып отырамыз.

1990 жылы университетті жақсы аяқтаған Еділ Ноянұлы Ғылым академиясындағы Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының Этнография бөліміне жұмысқа қабылданады. Ал академияда ғылым докторлары, профессорлар М.Қозыбаев, К.Нұрпейісов, Х.Арғынбаев, М.Мұқановтардың ғылыми мектебінен өтеді. Жас маманды ұстаздары бірден аспирантураға түсуге үгіттейді.

Аспирантураны аяқтаған Еділ Ноянұлы университетіне қайтып оралып, тарих факультетіндегі Қазақстан тарихы кафедрасына кафедра меңгерушісі, тарих ғылымының докторы, профессор Дина Дулатованың шақыруымен оқытушы болып орналасады. Міне, сол кезден бері 31 жыл уақыт өткен екен. 1996 жылы тарих ғылымының кандидаты, доцент Аманжол Қалыштың ғылыми жетекшілігімен кандидаттық диссертациясын сәтті қорғап шығып, бірден Жоғары аттестациялық комитетте (ЖАК) бекітіледі.

Еділ Ноянұлы академиядан университетке ауысып келген күннен бүгінге дейін ғылыми-педагогикалық қызметін үзбей жалғастырып келеді. Оның этнология мен отандық тарих мәселелеріне және пәнаралық

байланыс негізінде жазған ғылыми, ғылыми-көпшілік, ғылыми-танымдық жұмыстарының саны 200-ге жуықтайды. Оның таңдап алған зерттеу жұмыстарының бағыты – сақ дәуірі мен сақ тайпаларының мәдениеті тақырыбы. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының өзі бір төбе. Егер Еділ Ноянұлының жарияланған ғылыми жұмыстарының бәрін жинақтаса бірнеше томдық еңбек болғалы тұр. Алдағы болатын мерейтойында бұл мәселені ескеріңіз деген ойдамыз.

Еділ Ноянұлы елімізге белгілі тарихшы, тарих ғылымының докторы, профессор, марқұм Талас Омарбековтің кафедра меңгерушісі болған кезінен бастап орынбасар қызметін атқарып, бүкіл кафедраның оқу ісі мен тәрбие жұмыстарын жалғыз өзі мойнымен көтеріп келеді. Сонымен бірге ол 20 жылдай уақыт бойы жыл сайын Ғылым және білім министрлігі жанындағы «Дарын» республикалық оқу-әдістемелік мекемесі ұйымдастыратын жоғары сынып оқушыларының республикалық олимпиадасында тарихтан әділқазылар алқасы мүшесі болып, ол міндеттерді абыроймен атқарып шықты.

Қазақта «Алпысқа келгеннен ақыл сұра» деген мәтел бар. Досымызды ақыл айтар жасқа келген мерейтойымен құттықтап, басына бақ, білегіне күш-қайрат тілейміз. Қашанда ұжымның бел ортасында жүріп, жастарға айтары көп болсын.

Берекет КӘРІБАЕВ,
ҚР ҰҒА академигі,
тарих ғылымының докторы,
Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі

Professor Dos Sarbasov received a Bachelor of Science in Biology from Al-Farabi Kazakh National University in 1991.


In 1997, he received a PhD in Biochemistry and Molecular Biology from the University of Arkansas for Medical Sciences, Little Rock, AR, USA. From 1999 to 2006, he was a postdoctoral fellow and then a research associate at the Whitehead Institute for Biomedical Research (part of the Massachusetts Institute of Technology), Cambridge, Massachusetts, USA. In 2006, he joined the faculty of the Department of Molecular and Cellular Oncology at The University of Texas MD Anderson Cancer Center in Houston, Texas.

Professor Dos Sarbasov worked at the MD Anderson Cancer Center for a long time and returned to Kazakhstan from the USA in 2019 after 27 years. He is currently the Director of the Astana National Laboratory and Vice President for Research (STEM) at the School of Natural Sciences and Humanities. His main research interests are nutrient-dependent regulation of cell growth and survival, including its deregulation in cancer. His research has contributed to the understanding of the important mechanical target of rapamycin (mTOR), which controls cell growth in all eukaryotes.

A team of scientists from the Astana National

OUR GRADUATE

Vice-President of the National Academy of Science



Laboratory (NLA) of Nazarbayev University, led by Professor Dos Sarbasov, in collaboration with oncologists from the Kazakh Research Institute of Oncology and Radiology, continues to work on the development of an effective cancer drug.

